





*Маңғыстау облысы
Мұнайлы ауданы
№9 орта мектептің
биология пәні мұғалімі
Саржанбаева Аймекен
Жолдықызы*

19.02.2015

Сабақтың тақырыбы

§ Генетиканың даму
тарихы



Сабақтың мақсаты:

БІЛІМДІЛІК: Оқушыларды генетика ғылымының даму тарихымен түсіндіре отырып, Г Мендельдің еңбектерімен таныстыру.

ДАМУШЫЛЫҚ: Өз бетінше ізденіспен шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге дағдыландыру.

Өз ойларын еркін де сауатты, нақты жеткізуге қабілеттерін арттыру.

ТӘРБИЕЛІК: Жан-жақтылыққа, ізденімпаздыққа баулу, тыңдай және сөйлей білу мәдениетін арттыру.

Топқа бөлу

1-ТОП.

2-ТОП.

3-ТОП.

4-ТОП.



Топ ережесі:

1. Мұғалімді тыңдау.
2. Уақытты тиімді пайдалану.
3. Бір-бірімізді тыңдау.
4. Сыйластық , шыдамдылық.
5. Жолдасыңның сөзін бөлмеу.

II. Үй тапсырмасы

1.Онтогенез.

2.Органогенез.

3.Эмбриондық даму.

4.Постэмбриондық даму.

5.Бейімделушілік.

6.Қартаюу және өлу.

Жаңа сабақ:

*Генетиканың даму
тарихы.*

ГЕНЕТИКА

Тұқымқуалаушылық

Өзгергіштік

Сипаттама

Сипаттама



Генетиканың дамуы

- **Генетика** — бүкіл тірі ағзаларға тән тұқым қуалаушылық пен өзгергіштікті зерттейтін биология ғылымының бір саласы. Ағзалардың тұқым қуалаушылығы мен өзгергіштігі туралы ғылымды генетика деп атайды (грекше “genetikos” — шығу тегіне тән). Бұл атауды 1906 жылы ағылшын биологы У.Бэтсон ұсынды.
- Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің заңдылықтарын ашып, оларды қоғамды дамыту үшін пайдаланудың жолдарын шешуде генетика ғылымы зор үлес қосты. Сондықтан, биология ғылымының басқа салаларының арасында маңызды орын алады. Жер бетіндегі тірі материяның дамуы олардың үздіксіз ұрпақ алмастыруымен қатар жүріп отырады. Тіршілік организмдердің көбеюімен тікелей байланысты. Сол арқылы белгілі бір биологиялық түрге тән белгілер мен қасиеттер ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Басқаша айтқанда, ұрпақтар белгілі дәрежеде өзінің ата-анасына ұқсас болып туады. Мұны тұқым қуалаушылық дейді. Көпшілік жағдайда организмнің белгілері мен қасиеттері өзгермей біршама тұрақты түрде берілетіндіктен, ұрпағы ата-аналарына ұқсас болып келеді. Бірақ олардың арасында толық ұқсастық болмайды. Бір ата-анадан тарайтын ұрпақтың бір-бірінен қандай да бір белгісі жөнінен айырмашылығы болады. Организмнің тұқым қуалаушылық қасиеті сыртқы орта факторларының әсерінен үнемі өзгеріп отырады. Оны — өзгергіштік дейді. Көбею барысында организмнің белгілі бір қасиеттерінің тұрақты сақталуымен қатар, екінші біреуі өзгеріске ұшырайды. Осыған байланысты олар жаңарып, түрлене түседі. Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік — бірімен-бірі қатар жүретін, бір жағынан бір-біріне қарама-қарсы, өзара тығыз байланысты процестер.

Ой

толғау.

1.Генетиканың пайда болуы

2.Асбұршак ерекшеліктері.

3.Мендель тәжірибелері.

Ойлан ,

тап.





Хуго Де Фриз




К. Корренс




Чермак-Зейзенегг

Грегор Иоганн Мендель





СЕРГИУ СӘТІ



Сәйкестікті табу.

Асбұршақ

1. Ішкі және сыртқы белгілер жиынтығы

2. Генетиканың негізін салушы

Генетика

3. Белгілердің тұқым қуалау заңдылығын зерттейтін ғылым.

Г. Мендель

4. Өздігінен тозаңданатын өсімдік:

Бэтсон

5. Ата-аналардан алынатын гендердің толық жиынтығы:

Фенотип

3

Генотип

6. Қарама-қарсы белгілерді анықтайтын гендердің атауы:

Аллелді

7. Мендельдің неше заңы бар?



Г Мендельдің заңдары

**Генетиканың даму тарихын
зерттеушілер үш кезеңге бөледі.
Бірінші кезең – 1900-1910 жылға
дейін
Екінші кезең – 1911- 1953 жылға
дейін
Үшінші кезең – 1953 жылдан
қазірге дейін**

Бағалау





Үй жұмысы:
**Генетиканың даму
тарихы.**



Екі жұлдыз, бір тілек

